

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 1 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес және Әуликөл аудандық жер учаскелерін беру жөніндегі комиссиясының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 29 отырысының хаттамасынан үзінді көшірме негізінде Диев ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Қазақтелеком" АҚ Әуликөл ауданы, Диев ауылдық округінің, Диев ауылының аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,408 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін, "Қостанай облысы Әуликөл ауданы, Диев ауылында 1 (бір) жыл мерзімге талшықты-оптикалық байланыс желісін (ТОБЖ) төсеу үшін.

2. "Диев ауылдық округінің әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберу;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М. Досмурзин*